



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 22 қараша

Ішкі валюта нарығындағы жағдай тұрақты – Д. Ақышев

Қазіргі уақытта ішкі валюта нарығындағы жағдай тұрақты, ол шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының теңгерімін көрсетеді. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы баспасөз конференциясы барысында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

Д. Ақышев мұнай бағасының теңгенің айырбастау бағамының серпінін айқындайтын іргелі факторлардың бірі екендігін хабарлады. Өзге де тең жағдайларда мұнай бағасы өскен кезде валюта нарығында теңгенің нығаюына, ал мұнай бағасы төмендеген кезде теңгенің әлсіреуіне алғышарттар пайда болады. Ұлттық Банк басшысы сондай-ақ қазіргі уақытта мұнайға баға белгілеудің валюта нарығындағы үрдістерге оң әсер ететінін атап өтті.

«Теңге бағамының кейінгі серпіні ең алдымен іргелі факторлардың негізінде айқындалатын болады. Қазіргі уақытта теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы мұнай бағасының өсуі және кезекті салықтық аптаның басталуы аясында орын алып отыр», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Бұл ретте қаржы реттеушісінің басшысы Ұлттық Банктің айырбастау бағамы бойынша бағдарларының жоқ екендігін және оның мәндерін болжамайтынын атап өтті.

Қазақстан қаржыгерлері конгресінің VII отырысының негізгі тақырыптары туралы

11 жыл үзілістен кейін Ұлттық Банк Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен бірлесіп Қазақстан қаржыгерлерінің 7-ші Конгресін өткізді. Бұл жайлы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясы барысында журналистердің сұрақтарына жауап беру кезінде айтып берді.

«Біз ең күрделі проблемаларды талқыладық, оларды қалай шешетіндігіміз және 2018 жылы қандай міндеттерді орындауымыз қажет екендігін уағдаластық», - деді Д. Ақышев.

Ол Конгресте талқыланған негізгі мәселелермен қатар қаржы секторының орнықты дамуы үшін талап болып табылатын макроэкономикалық саясаттың болжамды болуын, адам капиталының маңыздылығын, жаңа технологияларды, әлемдік қаржы жүйесінің тәуекелдерін қоса алғанда, қаржы секторын дамыту факторлары мәселелерін бөліп көрсетуге болатындығын атап өтті.

«Біз барлық белгіленген міндеттердің шешімін тапқан жоқпыз, бірақ қаржы нарығының барлық қатысушылары арасында жемісті ынтымақтастықты құруға мүмкіндік беретін қадамдар жасадық», - деді сөзін қорытындылай келе қаржы реттеушісінің басшысы.

Қор нарығының негізгі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды – Д. Ақышев

Акциялар нарығын және үлестік бағалы қағаздарды капиталдандыру 1 қарашадан бастап өткен жылдың осындай күнімен салыстырғандағы кезең ішінде 15,1%-ға ұлғайды және 25,6 трлн. теңге болды. Қазақстан қор биржасының индексі (KASE индексі) 2017 жылғы 1 қарашада 2043,1 тармақты құрап, соңғы жыл ішінде 59,2%-ға ұлғайды. Бұл жайлы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясы барысында БАҚ сұрақтарына жауап беру кезінде айтып берді.

Д. Ақышев журналистің сұрағына жауап бере отырып қор нарығының көрсеткіштері ұлғаюына көбінесе қор нарығын реттеуді ырықтандыру және жеке инвесторлар үшін саудасаттыққа қолжетімділік рәсімдерін қысқарту ықпал етті деп атап өтті.

«Брокерлердің клиенттеріне жаңа технологиялық шешімдер, динамикалық сәйкестендіру құралдары және қашықтан қызмет көрсету жүйелері арқылы электрондық қызметті көрсетуі нарыққа өңірлік және шетелдік инвесторлардың қолжетімділігін жеңілдетті», - деп атап өтті қаржы реттеушінің басшысы.

«Эмитенттердің қор нарығына шығу бойынша рәсімдері қысқартылды, бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеуге және инвесторлар алдында ақпаратты ашуға қатысты талаптар оңтайландырылды», - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банктің басшысы Қазақстанның компанияларында корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша іс-шаралар өткізілгеніне де назар аударды. Бұл Қазақстанға «Doing Business» рейтингінде «Миноритарлық инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша 190 елдің ішінде 1-орын алуға мүмкіндік берді. Ол Қазақстанда инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілгенін дәлелдейді.

«Қор нарығының одан әрі жандануына зейнетақы активтерін басқару жүйесін жаңғырту және салымшыға басқарушы компанияны таңдау құқығын беру ықпал етеді. Нәтижесінде нарықта зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, жеке басқарушы компаниялар және өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялар түрінде стратегиялық әріптестер сыныбы пайда болады. Біздің ойымызша, инвесторлардан кейін нарыққа қорландыруды қажет ететін эмитенттер де шығатын болады», - деп хабарлады Д. Ақышев.

Ол бүгінгі күні Ұлттық Банктің қор нарығын жандандыру бойынша заңнамаға түзетулер блогын әзірлегенін атап өтті. Бұдан басқа, Ұлттық Банк ағымдағы жылы Үкіметпен бірлесе отырып нақты шаралары, мерзімдері мен күтілетін нәтижелері қамтылған 2018-2022 жылдарға арналған қор нарығын дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимылдары жоспарының жобасын әзірлеуді жүргізіп отыр.

Онлайн-сақтандыру географиялық қолжетімділікті қамтамасыз етуге және қызметтер құнын төмендетуге мүмкіндік береді

Сақтандыру туралы заң жобасы негізгі төрт міндетті шешуге бағытталған: сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, сақтандыру қызметтерінің өңірлік қолжетімділігін арттыру, сақтандыру өнімдерінің сапасын арттыру және құнын төмендету және сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Жанат Құрманов Алматы қаласында баспасөз конференциясы аяқталуы бойынша БАҚ-тың сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

«Онлайн сақтандыруды көрсету мәселелері бойынша өзгерістер және туристерді міндетті сақтандырудың өзгерістері негізгі түзетулердің бірі болып табылады», - деп атап өтті Ж. Құрманов. Сақтандыру және ақы төлеу рәсімдері біршама жеңілдейді, ол барлық бизнес-процестерді жылдамдатады.

«Заң жобасының шеңберінде сақтандыру нарығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі шаралар кешені көзделген, атап айтқанда әлеуметтік маңызды болып табылатын сақтандыру кепілдік берілген сыныптарының тізбесі кеңейтілді, барлық міндетті және ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру омбудсманы қызметінің саласы кеңейтілді», - деді сөзін қорытындылай келе Ж. Құрманов.

Банктердің проблемалық берешегін төмендету мақсатында тәуекелге бағдарланған тәсіл

Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар қыркүйекте несие портфелінің 12,7%-ын құрады. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында 2017 жылғы 22 қарашада өткен баспасөз конференциясы барысында БАҚ-тың сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Ол сонымен бірге жұмыс істемейтін қарыздардың нақты деңгейі қарыздарды қайта құрылымдау және оларды балансқа есептен шығару есебінен жасырын болып тұрғанын атап өтті. Қарызды қайта құрылымдау кезінде банктер негізінен қайта қаржыландыру құралын пайдаланады, ол есептілікте жаңа стандартты қарыз ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. «Мұндай жағдайда қайта құрылымданған қарыздарды қоса есептегенде жұмыс істемейтін қарыздардың әлеуетті көлемі банктердің несие портфелінің шамамен 25%-н құрайды», - деді журналист сұрағына жауап бере отырып Д. Ақышев.

«Ұлттық Банк банктердің проблемалық берешегінің деңгейін одан әрі төмендету мақсатында шаралар кешенін қабылдап жатыр» - деп атап өтті Д. Ақышев. Оларға негізінде консервативті тәсіл салынған реттеуші провизияларды енгізу; банктерге мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасын іске асыру; Ұлттық Банктің тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану жөніндегі қадағалау мандатын күшейту.

Казкоммерцбанктегі ахуал тұрақты – Д. Ақышев

Казкоммерцбанк қалыпты режимде жұмыс істеуде. Карточкалық, жеке және депозиттік шоттардан қолма-қол ақша алу бойынша ешқандай шектеу жоқ. «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Казкоммерцбанкті 65,2 млрд. теңге сомаға үстеме капиталдандырды. Бұл туралы Алматы қаласында баспасөз конференциясы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Д. Ақышев бүгінгі күні Казкоммерцбанк Ұлттық Банктің капитал жеткіліктілігі және өтімділік бойынша нормативтерін сақтай отырып дербес қаржы институты ретінде жұмыс істеп жатқанын хабарлады.

Ұлттық Банк дағдарыс құбылыстарының алдын алу бойынша жұмыс жүргізуде – Д. Ақышев

Ұлттық Банктің ағымдағы қадағалау процесі қалыптандырылған тәсілмен құрылған, оның көптеген кемшіліктері бар, ол кемшіліктердің ішіндегі ең негізгілері пост-фактум ден қою, сондай-ақ қадағалау ден қою жүйесінің бұзушылық көлеміне, күрделілігіне және салдарларына сәйкес келмеуі болып табылады. Қадағалау іс-қимылдары заңнамада белгіленген нақты әрі ұйғарылған қағидаларды бұзған кезде ғана жүзеге асыралады.

Бұл туралы Алматы қаласында баспасөз конференциясы аяқталғаннан кейін БАҚ сұрақтарына жауап бере отырып, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Ұлттық Банк проблемалардың туындауын және тәуекелдің іске асырылуын күтпей, дағдарыс құбылыстарының алдын алу бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл мақсаттарда дәлелді қадағалау пайымының тетігі енгізілетін болады», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы дерек қадағалау шараларын, оның ішінде активті және пассивті банк операцияларына шектеулер енгізуді талап ететін қадағалау ден қою шараларының жүйесі қайта қаралатынын да атап өтті.

«Банктердің байланысты тұлғалармен мәмілелерін және жеңілдік талаптарымен мәмілелерді бағалау тәсілдері қатаңдатылды. Сонымен бірге банктің қаржылық жай-күйінің нашарлағаны туралы ақпаратты жасырғаны үшін аудиторлар мен бағалаушылардың қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруына тыйым салуға дейін жауапкершілігі күшейтілетін болады», - деді қорытындылай келе Д. Ақышев.

Активтердің сапасына диагностика жасауға арналған біріздендірілген әдістеме – Данияр Ақышев

Банк секторын қалыпқа келтіру жөніндегі бағдарламаны іске қосар алдында Ұлттық Банк активтердің сапасына диагностика жасауға арналған біріздендірілген әдістемені алдын ала әзірледі.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Сонымен қатар, қаржы реттеушісі басшысының айтуынша, реттеу шегерімі шеңберінде банктер бес жылдық кезең ішінде жұмыс істемейтін қарыздар бойынша әлеуетті шығындарды біртіндеп тану мүмкіндігін алады, бұл олардың капиталының жүктемені айтарлықтай жеңілдетеді. Реттеу шегерімі тетігін және реттеу провизиялары әдістемесін енгізу стресс-тестілеу тәсілінің трансформациясы болып табылады, оны өткізу бұрын жоспарланған болатын және оның нәтижесі бойынша банктер сондай-ақ шығындарды тануға тиіс болды.

Қазақстанның орнықтылық қоры - Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасының операторы

Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске қосылған сәттен бастап Қазақстанның орнықтылық қоры Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасының операторы ретіндегі жұмысын бастады.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Ол Ұлттық Банк Басқармасының Бағдарламаға 5 банктің шамамен 650 млрд. теңге сомаға қатысатынын мақұлдағанын атап өтті.

«Бағдарламаны әзірлеу кезінде АҚШ, Еуропалық Одақ елдері, Ресей, Түркия сияқты елдерде іске асырылған мемлекеттік қолдаудың халықаралық тәжірибесі зерделенді. Бұл ретте банктерді қолдаудың барынша тиімді тетігі акционердің және мемлекеттің банктерді қаржылай қолдауға ортақ қатысу қағидаты болып табылады», - деді Д. Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы атап өткендей, банктерді мемлекеттік қолдауды Оператор реттелген облигацияларды 15 жылға дейін мерзімге сатып алу арқылы жүзеге асырады, олар банктің қаржылық жай-күйі нашарлаған және активтерді шығару фактілері анықталған жағдайда ғана жай акцияларға конвертациялау талаптарына ие болады.

«Ұлттық Банктің ақша қаражаты қайтарымды негізде берілетіндігін және банктердің менеджменті мен акционерлерінде банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қатаң міндеттемелер алынғандығын атап өткен жөн», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Сыртқы борыштың жай-күйі туралы

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 167,9 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 7,9%-ы немесе 13,2 млрд. АҚШ доллары – мемлекеттік сектордың сыртқы борышын, 3,7%-ы немесе 6,2 млрд. АҚШ доллары – «Банктер» секторының сыртқы борышын, 25,2%-ы немесе 42,4 млрд. АҚШ доллары – тікелей инвестициялармен байланысты емес «Басқа секторлардың» берешегін, ал қалған 63,2%-ы немесе 106,1 млрд. АҚШ доллары осы сектордың фирмааралық берешегін құрайды.

Бұл туралы Алматы қаласындағы баспасөз конференциясы кезінде журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов айтып берді.

А. Ахметов мемлекеттік сектордың сыртқы борышы 0,4 млрд. АҚШ долларына ұлғайғанын, ең алдымен, капиталдың халықаралық нарықтарына шығарылған тәуелсіз еурооблигациялар құнының өсуі есебінен және бейрезиденттер тарапынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына сұраныстың артуы есебінен ұлғайғанын да хабарлады.

«Банктердің (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ) сыртқы міндеттемелері 1,0 млрд. АҚШ долларына қысқарды, оның ішінде еурооблигациялар мен қолданыстағы сыртқы қарыздарды жоспарлы өтеу салдарынан қысқарды», - деді қаржы реттеушісі басшысының орынбасары.

«Фирмааралық берешек 1,8 млрд. АҚШ долларына ұлғайды, негізінен мұнай-газ жобаларын одан әрі қаржыландыру және қарыздар бойынша төленбеген дивидендтер мен сыйақы бойынша тікелей инвесторлар алдындағы берешектің өсуі есебінен ұлғайды», - деп хабарлады А. Ахметов.

Ұлттық Банк басшысының айтуы бойынша, ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) және тауарлар мен қызметтер экспорты (ТҚЭ) көлемінің өсуі сыртқы борыштың салыстырмалы өлшемдерінің жақсаруына ықпал етті: сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жыл басындағы 119,3%-бен салыстырғанда 112,4%-ды, ал сыртқы борыштың ТҚЭ-ге қатынасы 375,8%-бен салыстырғанда 336,6%-ды құрады.

«2017 жылғы бірінші жартыжылдықта Қазақстанның таза сыртқы борышы ІЖӨ-ге қатысты 27,6%-ды құрай отырып, 41,2 млрд. АҚШ долларына дейін 3,1 млрд. АҚШ долларына ұлғайды», - деп атап өтті А. Ахметов. Қаржы реттеушісі басшысының орынбасары мемлекеттік сектор бұрынғыдай қалған әлемге қатысты таза кредитор позициясын, «Басқа секторлар» және «Банктер» секторы таза борышкер позициясын сақтап отырғанын да атап өтті.

Азаматтардың төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру туралы - қарыз алушылардың міндеттемелерін одан әрі орындауы және борыштарды өтеу

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру туралы» заң жобасының ережелері қаржылық қиындықтарға ұшыраған адал әрі ұқыпты қарыз алушылар үшін өз міндеттемелерін одан әрі орындау бойынша жағдайлардың қажетті деңгейін қамтамасыз етуі және борышкерлердің өз қарыздарын өтеуге ынталандыруы, сондай-ақ қалпына келтіру барысында өз міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында ықылассыз қарау және жаппай өршуге жол бермеуге тиіс.

Бұл туралы Алматы қаласындағы баспасөз конференциясында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов айтып берді.

«Осы мәселеде теңгерімнің болмауы банк секторында жүйелі күйзелістің орын алуына - проблемалық берешектің өсуіне, халық арасында масылдық көңіл-күйдің қалыптасуына, кредиттеу, оның ішінде ипотекалық кредиттеу қарқынының бәсеңдеуіне әкеп соғуы мүмкін» - деді А. Ахметов.

Сөз соңында қаржы реттеушісі басшысының орынбасары Ұлттық Банктің жеке тұлғалардың проблемалық берешегін реттеу мәселелерінде дұрыс тәсіл мен теңгерімді қамтамасыз ететін құқықтық тетіктердің болу қажеттілігін қолдайтынын айтып өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz